

№01 хаттама

Қатысқандар: 10

Өткізілген мерзімі: 12.09.2025 ж.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жазғы іс әрекеттер қорытындысы.
  2. Келесі оқу жылына балабақша ғимаратын дайындау мәселесі.
  3. Қосымша вариативтік үйірмелерді нақтылау.
1. Тыңдалды:

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе:** № 6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі К.Муринова жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысымен таныстырды. Биылғы жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың жазғы кезеңді өте әсерлі өткізу үшін, балабақшамыздың ата-аналар мен педагог қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Зообақ» және «Құстар аллеясы» ашылып, жоғары деңгейде жұмыс жасады. Санымен қатар «Әкелер мектебі» мен «Жас аналар мектебі» жоспар бойынша педагогтер, ата- аналармен тығыз байланыста жұмыс жасады. «Алақай жаз келді!», «Көңілді жаз» байқауларының жеңімпаздары болдық, бұлда ата-аналар мен педагогтердің бірлесіп жеткен жетістіктері деп білеміз.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе:** Қамқоршылық кеңесінің төрағасы ардагер ұстаз А.Джаманова сөз алды: Балабақшаның жалпы тазалығы, ауланың тазалығы мен көгалдандырылуы, материалдық- техникалық жабдықталуы және педагог кадрларының жасақталынуы, сапалы білім беретіндігі ата- аналардың көңілінен шығатындығын ұйымдастырып жатқандығын айтып өтті. Оқу жылына топтарға балалардың жас ерекшеліктері ескеріле жиһаздармен жабдықтау керектігін ұсыныс ретінде атап айтты.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе:** № 6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі К.Муринова қосымша вариативтік үйірмелерге ата-аналардың ұсынысы негізінде және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, «Таеквандо», «Асық», «Теннис», «Гимнастика» үйірмелерін қосу туралы айтылды.

Балабақшада былтырғы 2024-2025 оқу жылында осы үйірмелер қамтылып, балалардың қызығушылықтары арттып, денсаулықтарына пайдасы тиген болатын.

Ата- аналар комитетінің төрағасы Серикова Индира Маликовна сөз алды:

**Шешім қабылданды.**

1. Мәселе бойынша: жазғы шаралар толығымен орындалды.
2. Мәселе бойынша: жаңа оқу жылына дайындық жасалып, толықтырылсын.
3. Мәселе бойынша: қосымша үйірмелер ашылсын.

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі:  К.Муринова

